www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№45 /sársenbi/ 05 qaraşa 2025 jyl

## 6 ҚАРАШАҒА ДЕЙІН ҚАЛА ТОЛЫҚ ЖЫЛУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

***Құрметті Шымкент қаласының тұрғындары!***

Ауа температурасының орташа тәуліктік көрсеткіші төмендеуіне байланысты және Шымкент қаласы әкімінің қаулысына сәйкес, қалада жылу беру маусымы 2025 жылғы 1 қарашадан басталады.

Жылу алдымен мектептер, балабақшалар, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандарына беріледі. Одан кейін кезең-кезеңімен үйлер және басқа да нысандарға жылу қосылады.

Қаланы жылумен қамтамасыз ету жұмыстары 2025 жылғы 6 қарашаға дейін толық аяқталады.

## MIGRATION.ENBEK.KZ ПОРТАЛЫ - КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІН РЕТТЕДІ

Көші-қон үдерістерін реттеу мақсатында migration.enbek.kz порталы құрылды. Ол шетелдік азаматтарды бірыңғай тіркеуді және көші-қон ағындарын мониторингтеуді қамтамасыз етеді. 2024 жылдан бері 15 цифрлық қызмет енгізілді. Ал, 2025 жылы үш жаңа қызмет: материалдық көмек алу туралы өтініш беру, қоныс аударушыларды қабылдау жөніндегі өңірлік квотаға енгізу, электрондық форматта әлеуметтік келісімшарт жасау іске қосылды. Қосымша тағы 5 жаңа қызметті мобильді қосымшада іске қосу жоспарланып отыр. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Ертаев ОКҚ алаңында Көші-қон саясаты тұжырымдамасын одан әрі жетілдіру бағытындағы жұмыстарға тоқталып өтті.

«Қолданыстағы Тұжырымдаманың басымдықтарын іске асыруды жалғастыра отырып, қазіргі уақытта 2030 жылға дейінгі көші қон-саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа тұжырымдаманың жобасы мынадай негізгі бағыттарды іске асыруды көздейді: бірінші бағыт – көші-қон ағындарын есепке алу жүйесін жетілдіру. Бұл мақсатта ел ішінде және шетелде көші-қонды есепке алудың Бірыңғай цифрлық жүйесін енгізу көзделіп отыр. Enbek.kz экожүйесін «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесі және басқа да жүйелермен интеграциялау жоспарлануда», – деді спикер.

Екінші бағыт – сыртқы көші-қонды басқару тетіктерін жаңғырту. Сыртқы көші-қон ағындарының өзгерістері олардың ауқымы мен қарқындылығын бағалау тұрғысынан талданады. Сонымен қатар бейіндік жүйелер мен инфрақұрылымның ықтимал сын-қатерлерге дайындық деңгейіне терең талдау жүргізіледі. Иммигранттарға арналған бейімдеу курстарының бірыңғай стандарттары енгізіледі.

Үшінші бағыт – теңгерімді көші-қон. Кәсіпкерлікті дамыту және өңірлерде тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен бірлесіп, мобильді кәсіпкерлікті дамыту тетіктері әзірленеді. Бұл кәсіпкерлерге тіркелген жерінен тыс бизнес ашу, жүргізу және кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ шетелде тұратын отандастармен тұрақты байланыс орнатуға арналған тұрақты коммуникациялық арналар қалыптастырылады.

# ІСКЕ АСАТЫН БЕС ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

Астанада өтіп жатқан «Kazakhstan Global Investment Round (KGIR-2025)» жаһандық инвестициялық форумы еліміздің экономикалық болашағы мен халықаралық әріптестігін нығайтуға бағытталды. Биылғы форум «Трансформация дәуіріндегі жаңа шешімдер: Қазақстан – тұрақты экономикалық дамудың орталығы» тақырыбымен ұйымдастырылып, 40 елден келген 700-ден астам қатысушыны біріктірді.




Форумға мемлекеттік органдардың жоғары лауазымды өкілдері, трансұлттық корпорациялардың басшылары, әлемдік инвесторлар мен экономикалық сарапшылар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен бизнес-қоғамдастықтардың жетекшілері қатысты.

Кездесу барысында жаһандық нарықтағы өзгерістер, олардың инвестициялық стратегияларға ықпалы және халықаралық капиталды тарту арқылы инфрақұрылымды дамыту бағыттары кеңінен талқыланды.

Форум аясындағы дөңгелек үстел барысында Шымкент қаласында жүзеге асырылатын жалпы құны 449,4 млрд теңге болатын бес ірі инвестициялық жобаға қол қойылды. Бұл жобалар өңірдің экономикалық әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Атап айтқанда: • 68 млрд теңгелік жылыжай кешені құрылысы. Ауыл шаруашылығы министрлігі, Шымкент қаласының әкімдігі және «FabeAgro» ЖШС арасындағы үшжақты келісім бойынша заманауи жылыжай кешені салынады. Бұл жоба қала мен өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, ауыл шаруашылығында инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. 55 млрд теңгеге тұрмыстық қалдықтарды жағу арқылы электр энергиясын өндіру жобасы.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Шымкент қаласының әкімдігі және «Shaanxi Construction Kazakhstan Co., Ltd» ЖШС арасындағы келісім экологиялық тұрғыдан тиімді энергетика бағытын дамытуға негізделген. Жоба іске қосылған соң, қаладағы қалдықтарды кәдеге жарату деңгейі артып, экологиялық жүктеме едәуір азаяды.

KGIR-2025 форумы аясында қол қойылған бұл келісімдер Шымкенттің инвестициялық тартымдылығын арттырып, елдің оңтүстігіндегі экономикалық өсімнің жаңа кезеңін бастайды. Сарапшылардың пікірінше, аталған жобалар өңірлік өндіріс пен энергетика саласын жаңғыртып, «жасыл экономика» қағидаттарын жүзеге асыруға серпін береді.

**Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫШ ӨНЕРІ СИМПОЗИУМЫ ӨТУДЕ

Шымкент қаласында ұлттық өнер мен мәдениетті дәріптеуге бағытталған Халықаралық қыш өнері симпозиумы өз жұмысын бастады. Шараның басты мақсаты — жас ұрпақты дәстүрлі қолданбалы өнерге баулу, ұлттық мұраны сақтау және әлемдік деңгейдегі шеберлермен тәжірибе алмасу.

Жастардың шығармашылыққа қызығушылығын арттыру. Іс-шара аясында қала мектептерінің оқушылары мен жас суретшілер Бейсбековтер әулетінің «Алтын-Орда» көркемсурет галереясына арнайы экскурсия жасады. Онда олар қыш бұйымдарын жасау үдерісімен танысып, кәсіби шеберлердің жұмыстарын тамашалады. Симпозиум қатысушылары жас буынға ұлттық өнердің маңызын түсіндіріп, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған шеберлік сабақтарын өткізуде.



Халықаралық деңгейдегі өнер басқосуы. Биылғы симпозиумға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы және Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген әйгілі керамика шеберлері қатысып жатыр. Бұл басқосу тек шығармашылық тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар халықтар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға бағытталған маңызды оқиға болып отыр.

Симпозиумның құрметті қонақтарының бірі — Түркияның әйгілі құмырашысы, әлемдік деңгейдегі керамика шебері Ахмет Ташхомжу. Ол іс-шара барысында өз қолымен құмыра жасап, қатысушыларға шеберлік сабағын өткізді.

1936 жылы Түркияның Менемен қаласында дүниеге келген шебер бүгінде сол өңірдегі «Менемен Қышшылар қауымдастығының» төрағасы және ұстаздық қызметпен айналысады. Қыш өнеріне қызығушылығы осыдан 46 жыл бұрын басталған.

Ахмет Ташхомжу өз сөзінде: «Мен өзім ахыска-түрік ұлтынанмын. Бабаларым кезінде осы өлкелерден Түркияға қоныс аударған екен. Сол себепті өзімді қазақ еліне жақын сезінемін. Шымкентке алғаш рет келіп отырмын, бірақ бұл жер маған бөтен емес, рухани туыстықты сеземін», — деді шебер.

Әлем таныған қолөнер иесі

Ахмет Ташхомжу қыш өнерін әлемнің түкпір-түкпірінде насихаттап келеді. Ол Италия, Франция, Нидерланды, Бельгия сияқты елдерде өткен халықаралық фестивальдер мен көрмелерге қатысып, бірнеше мәрте марапатқа ие болған. 2019 жылы Италияда, ал 2024 жылы Францияда өткен әлем чемпионаттарында шебер жеңімпаз атанған.

Ұлттық өнердің жаңа тынысы. Шымкентте өтіп жатқан халықаралық симпозиум — ұлттық қыш өнерін жаңғыртуға, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және мәдени әріптестікті нығайтуға бағытталған маңызды мәдени бастама. Бұл шараның нәтижесінде қалада ұлттық қолөнерге қызығушылық артып, Шымкент Оңтүстік өңірдің шығармашылық орталықтарының біріне айналмақ.

**Әлия ҚҰРАЛБЕК.**

## ИТАЛИЯДА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ БЮСТІ АШЫЛДЫ

Римдегі Вилла Грациоли саябағында (Parco di Villa Grazioli) қазақ халқының ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлы бюстінің салтанатты ашылуы өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерболат Сембаев, италиялық зиялы қауым өкілдері мен Қазақстанның ресми делегациясы мүшелері қатысты.




Министр салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани кемелденуіне бағдар болған, адамзаттың асыл мұраттарын насихаттаған ұлы тұлға екенін атап өтті. Оның шығармаларындағы басты идея – адамгершілік, әділдік, білім мен еңбек арқылы ізгілікке үндеу. Сондықтан да Абай бейнесінің дәл Рим қаласында бой көтеруі – мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы рухани көпірдің белгісі болары анық.

«Кейінгі жылдары мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынасқа ерекше серпін алды. Өткен жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Италияға ресми сапары мен Италия Министрлер кеңесінің төрайымы Қазақстанға жасаған ресми сапары ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді.

Ал қыркүйек айында Италия Президенті Қазақстанға келіп, жаңа байланыстарға жол ашып, бірқатар маңызды келісісөздер жасалды. Абай ескерткішінің ашылуы – сол келісімдердің көрінісі, екі халық арасындағы достық пен өзара құрметтің белгісі деп білемін», – деді Аида Балаева.

Айта кетсек, қазақтың ұлы ақыны Абайдың есімі шетелде зор құрметке ие. Ақынға арналған ескерткіштер, бюстер мен монументтер әлемнің көптеген ірі қалалары мен астаналарында орнатылған. Олардың қатарында, Ташкент, Мәскеу, Қазан, Бішкек, Бейжің, Каир, Будапешт, Тегеран, Анкара, Ыстамбұл, Нью-Дели, Женева, Париж, Ренн, Сараево, Тбилиси, Берлин, Сеул, Харьков, Баку және Рио-де-Жанейро қалалары бар.

Аида Балаева мен Ерболат Сембаев Шыңғыс Айтматов ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

## ШЕТЕЛ АЗАМАТЫНА ЖАЛҒАН ТІРКЕУ ЖАСАЙТЫНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

ҚР ІІМ заң қолдану саласында жүргізілген жұмыстармен қатар заңнамаға өзгертулер енгізу жұмыстарын да атқарып жатыр. Биыл көші-қон бақылауын күшейтуге бағытталған түзетулер енгізілді. Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы Аслан Аталыковтың айтуынша, 30 күннен артық елде болатын шетел азаматтарын тіркеу институты енгізілді.

Сондай-ақ Парламент Мәжілісінде көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін бірқатар өзгерту пысықталуда.

«Олармен бір айдан артық елде болатын шетел азаматтарының мекенжайда мүлдем немесе уақытында тіркелмегені үшін, визада уақытша тұру рұқсатында және тіркелу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмағаны үшін, шетел азаматына жалған тіркеу жасағаны қабылдаушы тарапына жауапкершілік енгізіледі. Бірқатар санкция бойынша айыппұлдар мөлшерін ұлғайту қарастырылуда», – деді ІІМ өкілі ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында.

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ МОНОГРАФИЯ ИТАЛЬЯН ТІЛІНДЕ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның Италияға жұмыс сапары аясында «Шоқан Уалиханов және қазіргі Қазақстанның бастауы» атты монографияның таныстырылымы өтті. Белгілі ағартушының 190 жылдығына арналған бұл кітап алғаш рет итальян тілінде жарық көрді. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Аида Балаева ұлы ғалым, ағартушы әрі саяхатшыға арналған еңбектің жарық көруімен барша зерттеушілерді құттықтады. Министрдің айтуынша, Шоқан Уәлихановтың мұрасын итальян оқырмандарына таныстыру – Қазақстан мен Италия арасындағы рухани байланысты тереңдететін маңызды қадам.

«Шоқан Уәлиханов – Ұлы Даланың ғана емес, әлемдік деңгейдегі тұлға. Оның зерттеулері халықаралық ғылыми қауымдастыққа Орталық Азия халықтарының бай мәдениеті мен өркениетін, сондай-ақ қазақ халқының рухани мұрасын кеңінен танытты. Оның еңбектерінің итальян тілінде жарық көруі – білім мен ғылым арқылы екі елдің жақындасуының жарқын үлгісі. Бұл кітап италиялық оқырмандарға қазақтың тарихын, мәдениетін және ой әлемін жақынырақ тануға мүмкіндік береді», – деді Аида Балаева.

Министр сондай-ақ екі елдің ғалымдарына, зерттеушілеріне, аудармашылары



шынайы алғыс білдірді. Ол бұл кездесу Қазақстан мен Италия арасындағы ғылыми байланыстарды нығайтып, жас ғалымдар мен зерттеушілерді жаңа ізденістерге жетелейтініне сенім білдірді.

Шоқан Уәлихановтың өмірбаянын итальян профессоры Федерико Пасторе жазған. Ол ұзақ жылдар бойы ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты қазақстандық дереккөздерді зерттеген. Сондай-ақ монографияда Ш.Уәлиханов өміріне кездескен белгілі қазақ қайраткерлеріне арналған ауқымды бөлім бар.

Кітап Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігінің қолдауымен, Sandro Teti Editore баспасынан, қазақстандық «Каспий Нефть» АҚ мен Doscar Foundation Charity Fund корпоративтік қорының демеушілігімен жарық көрді. Зерттеу сонымен қатар ағылшын тілінде де қолжетімді.



## АЛҒАШҚЫ КӨМІРТЕКТІ АГРОКЛИМАТТЫҚ ПОЛИГОН ҚҰРЫЛДЫ

«А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС базасында еліміздегі алғашқы көміртекті агроклиматтық полигон – «Kaz Agro Carbon» ашылды.

Ашылу рәсіміне ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының, Ресей Федерациясы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) сарапшылары, Ганновер университетінің ғалымдары, ғылыми және білім беру ұйымдарының басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері, отандық және шетелдік зерттеушілер, сондай-ақ фермерлер қатысты.

Жоба Қазақстан мен Ресей Ауыл шаруашылығы министрліктерінің және ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының қолдауымен, отандық және шетелдік ғалымдардың, ауыл шаруашылығы құрылымдары, салалық ұйымдар басшыларының қатысуымен жүзеге асырылуда.

Полигонның ашылуы қазақстандық-ресейлік агроөнеркәсіп кешеніндегі озық технологиялар орталығының қызметі шеңберінде өтті. Ол ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен Ресей ғылым академиясының Агроэкология федералдық ғылыми орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында құрылған болатын. Көміртекті полигондарды құрудың мақсаты – топырақтағы көміртекті басқару, парниктік газдар шығарындыларын азайту және аграрлық сектордың климаттық тұрақтылығын арттыру салаларында Қазақстан мен Ресей арасындағы ғылыми ықпалдастықты нығайту.

«Kaz Agro Carbon» полигоны көміртек теңгерімін өлшеу, модельдеу және басқару бойынша бірлескен зерттеулер жүргізуге арналған пилоттық алаңға айналады. Екі елдің ғалымдары Солтүстік Қазақстан экожүйелерінде көмірқышқыл газының шығарылуын азайту және сіңірілуін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды әзірлеп, енгізуді жоспарлап отыр.

«Көміртекті агроклиматтық полигон «Kaz Agro Carbon»-ның құрылуы – тұрақты ауыл шаруашылығының жаңа моделін қалыптастыру жолындағы стратегиялық қадам. Бұл жоба Қазақстан мен Ресей арасындағы ғылыми ынтымақтастықты дамытып, агроөндірістегі көміртек ізін азайтуға бағытталған тәжірибелік шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді», – деді Ұлттық агроөнеркәсіптік ғылыми-оқыту орталығының Басқарма төрағасы Бауыржан Асанов.

«Көміртекті полигон – ғылым, инновация және нақты өндірісті біріктіретін алаң. Ол топырақтың құнарлылығын сақтауға, ауыл шаруашылығын климаттың өзгеруіне бейімдеуге және көміртек теңгерімін басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыруға жол ашады. Бұл – Қазақстанда климатқа бағытталған егіншілікті дамытудың маңызды қадамы», – деді «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» Басқарма төрағасы Тимур Савин.

## ЭЛЕКТРОСАМОКАТПЕН ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Электросамокат – жеңіл әрі экологиялық көлік түрі. Дегенмен, оны жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау – әркімнің жауапкершілігі.

- Жол ережесін сақтаңыз, жаяу жүргіншілер жолағында абай болыңыз.
- Бір самокатқа бір ғана адам мінуге рұқсат етіледі.
- Жылдамдық шегі – 25 км/сағ аспауы тиіс.
- 16 жасқа дейінгі балаларға электросамокат айдауға болмайды.
- Қараңғы уақытта шам мен жарық шағылыстырғыш белгілерді қолданыңыз.
- Құлаққап тағып, телефон қолдану – назарды бөледі, апатқа әкелуі мүмкін.

**Есіңізде болсын:**
*ереже – қауіпсіздіктің кепілі!*



**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# ХОЛДИНГПЕН БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСУДА



Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Рустам Карагойшинмен кездесті. Кездесуде облыста аталған холдинг арқылы қаржыландырылып жатқан жобалардың өзекті мәселелері мен әріптестікті нығайту жолдары талқыланды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров «Бәйтерек» холдингінің облыс экономикасын дамытуға үлес қосып жатқанына тоқталып, алғысын білдірді.

– Киелі Түркістан қаласына қош келдіңіздер! Облыс аумағында бірқатар ірі жобалар «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және оған еншілес қаржы институттары арқылы қаржыландырылуда. Бүгінгі кездесуде бірлесіп, іске асырылып жатқан жобалар бойынша өзекті мәселелерді талқылау мүмкіндігі туып отыр. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында халықтың тұрмыстық деңгейі мен әл-ауқатын көтеру, инфрақұрылымның қолжетімділігін жақсарту, ауыл шаруашылығын дамыту және инвестиция тарту бойынша нақты тапсырмалар берді. Облыс аумағында бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуда. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның қолдауымен облыста бірқатар әлеуметтік мәселелер шешілуде. Атап айтқанда, тұрғын үй саласы бойынша Түркістан облысы құрылғалы бері облигация есебінен 147 кредиттік тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, тұрғын үйге мұқтаж 4 692 отбасы баспаналы болды. Кәсіпкерлік саласы бойынша еншілес «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы 261,7 млрд. теңге несие қаражатына 4,5 мыңнан астам жоба субсидияланды. Ауыл шаруашылығында жыл басына бері ұлттық холдинг арқылы бірнеше ірі жоба мақұлданған. Бүгінгі кездесуде көтерілген мәселелер шешімін тауып, өңірді дамыту жұмыстары жалғасады деп сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Түркістан облысының даму бағытын жоғары бағалады.

Түркістан – еліміздің мәдени және рухани астанасы. Біз үшін бұл өңірдің маңызы өте зор. Ең маңызды ресурс – адамдар. Бұл облыста адами капитал жеткілікті, халық саны көп. Тұрғындары – белсенді, іскер, еңбекқор. «Бәйтерек» холдингі өңірді дамытуға үлесін қосады және бүгін айтылған ұсыныстарды зерделейміз. Мақсатымыз – елді қолдау, аймақтарды дамыту, – деді Рустам Карагойшин.

Мәжілісте құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіпке жауапты басқарма басшылары мен «Түркістан» ӘКК» АҚ-ның басшысы өз салалары бойынша өзекті мәселелерді жеткізіп, қолдау көрсетуді сұрады. Атап айтқанда, «Кең дала» бағдарламасы бойынша шаруаларды ертерек қаржыландыру, өңірдегі өндіріс орындарына қатысты инвестициялық жобаларды қолдау, мақта шаруашылығын несиелендіру көлемін ұлғайту, тұрғын үймен қамту бағытында да тиісті ұсыныстар берілді. Жергілікті кәсіпкерлер де өз сұрақтарын қойып, тиісті кеңестерін алды.

Айта кетейік, облыс тарапынан өңдеу өнеркәсібі мен энергетика саласында «Бәйтерек» холдингіне жеңілдетілген қаржыландыруды қажет ететін 12 инвестициялық жобаның пулы жасақталған. Оның ішінде жалпы құны 1,1 трлн. теңгені құрайтын 5 жобаның құжаты мақұлданған. Сондай-ақ жеңілдетілген қаржыландыруды қажет ететін 172,9 млрд. теңгені құрайтын 7 инвестициялық жобаның өтінімдері «Бәйтерек» холдингінің еншілес қаржы институттарында қаралып жатыр.

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА МАҚТА КЛАСТЕРІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысында тамшылатып суару әдісін пайдалану арқылы төрт ірі мақта өңдеу зауытының құрылысы жүргізіліп жатыр. Түркістан облысына инвестициялар тарту, су үнемдеу технологияларын енгізу, егістік алқаптарын ұлғайту бағыттарында оң өзгерістер байқалады. Осы мақсатта бүгін Түркістан облысы әкімінің орынбасары Талғат Қозбеков пен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Рустам Карагойшин жұмыс сапарымен Отырар ауданындағы «Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешені» ЖШС-ның заманауи мақта өңдейтін кластерінің құрылысы алаңында болды. Сапар барысында холдинг төрағасы



көпфункционалды кешеннің құрылыс жұмыстарымен танысып, Түркістан өңірінің өндірістік әлеуетін оң бағалады. Сондай-ақ тараптар агроөнеркәсіп саласында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесін талқылады.

Мақта кластерінде жылына 360 мың тонна шитті мақта өңдеу жоспарланған. Жалпы жоба құны 146,8 млрд теңгені құрайды. Мұнда тұрмыстық және дайын тоқыма өнімдерін шығарылады. Жоба толық іске асқан жағдайда 4 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы аумағы 39 308 шаршы метрді қамтиды. Кешеннің инфрақұрылым жұмыстары жеке инвестор есебінен жүргізілуде.

Осы тұста Түркістан қаласындағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағы маңынан су үнемдеу технологиялары пайдалана отырып, мақта талшығынан жіп, мата және дайын тоқыма өнімдерін шығаратын жаңа зауыт салу жоспарлануда.

Айта кетейік, бүгінде Отырар өңірінде 32 мың гектар жерге тамшылатып суару жүйесін қолдану арқылы мақта егілген.

# СОЗАҚ АУДАНЫНДА БАССЕЙНІ БАР СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Түркістан облысы Созақ ауданының орталығы – Шолаққорған ауылында заманауи талаптарға сай жабдықталған 200 орындық спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Жаңа нысанның ашылуына Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, аудан тұрғындарын қуанышты оқиғамен құттықтады.

– Бүгін Созақ төрінде қуанышты сәтте жолығып тұрмыз. Баршаңызды заман талабына сай жаңа спорт кешенінің ашылуымен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында бұқаралық спортты дамытуды, халықтың денсаулығын нығайтуды тапсырды. Президент тапсырмасына сәйкес облыста спорт инфрақұрылымын жетілдіру бағытында жұмыстар жүріп жатыр. Жаңа спорт нысандары ашылып, жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуда. Биыл 102 спорт нысанын салу жоспарланса, 40 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Олардың арасында ескек есу каналы, 5 спорт кешені, 9 спорт зал, 18 спорт алаңы, 5 футбол манежі бар. Біз спортқа қолдау көрсетуді жалғастыра береміз. Себебі ұлт денсаулығы – ең басты байлық. Осы заманауи кешенде жаттыққан балалар арасынан Олимпиада, әлем чемпиондары шыға берсін! – деді Нұралхан Көшеров.

Обоыс әкімі спорт кешенін аралап көріп, жас спортшылармен кездесті. Доп сыйлап, спортқа жеңісті жол тіледі.

Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов пен ел ағалары сөз сөйлеп, спорт кешенінің ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді. Бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып пен белгілі футболшы Таңат Нөсербаев бастаған спортшылар да нысанға жоғары баға берді.






Жоба «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жүзеге асырылды. Жалпы аумағы 3 гектар болатын кешеннің оқу-жаттығу базасы заманауи стандарттарға толық сай келеді. Нысан бір мезетте 100 спортшыға дейін қабылдай алады. 200 орындық заманауи спорт кешенінде волейбол, күрес, аралас жекпе-жек, бокс залдары бар. Тағы бір ерекшелігі – жабық бассейн орналасқан. Нысанның ауласында да тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған шынығу алаңы, баскетбол және футбол алаңдары қарастырылған. Кешен тек кәсіби спортшылардың емес, бұқаралық спортпен айналысатын жастар мен тұрғындардың да салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді.

Ашылу салтанатынан соң ересектер арасында кіші футболдан республикалық турнир басталды. Сайыста еліміздің түрлі өңірлерінен келген 13 команда бақ сынауда.

Созақ ауданында бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда ауданда 2 спорт мектебі мен 1 спорт клубы жұмыс істейді. Бұқаралық спортпен шұғылданушылардың саны 24 мың адамнан асып, аудан халқының 41 пайызын құрап отыр.

# КЕЛЕСТЕ 68 ЕЛДІ МЕКЕН САПАЛЫ ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ҚАМТЫЛДЫ

Түркістан облысына қарасты елді мекендерді сапалы электр желісімен қамту бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде ауданның 83 елді мекені орталықтандырылған электр желісіне қосылған болса, оның ішінде 68 елді мекен сапалы электр қуатымен қамтылған.

Биыл «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның инвестициялық бағдарламасы аясында 19,91 шақырым 10-0,4 кВ электр желілеріне және 7 трансформатор қондырғысына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстарды қараша айында аяқтап, желілердің тозу деңгейін 57,6 пайызға дейін төмендету жоспарланған. Сонымен қатар 5 елді мекенде жаңа электр желілерін тарту жұмыстары толық аяқталып, бүгінде қосу жұмыстары атқарылуда. Атап айтқанда, Ақтөбе ауылдық округіне қарасты Лесбек батыр, Көгерту елді мекекендері, Біртілек ауылдық округіне қарасты Ораз ата, Игілік және Қолтоған елді мекендері.

Одан бөлек, Алпамыс батыр ауылдық округіндегі Ақжол және Қауыншы елді мекендерін сапалы электрмен қамту жобасы 2025 жылдың қаржы жоспарына енгізіліп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Бұдан бөлек, Ақтөбе ауылдық округіне қарасты Ғ.Мұратбаев, Қаратөбе, Ақжар және Көкбұлақ елді мекендерінің жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп жатыр. Сондай-ақ, Ошақты ауылдық округіндегі Саңырау мен Қоңыртөбе, Бірлік ауылдық округіндегі Үшағаш, Жүзімдік ауылдық округіндегі Ақсу елді мекендерін сапалы электр қуатымен қамтуға арналған жобалар дайындалды.

**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



Өткен аптада Шымкент қаласында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтарға тегін заң көмегін көрсету мақсатында «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті.

Іс-шараға Шымкент қаласының прокуроры Ғабит Мұқанов, қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек, қырық екі мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, сондай-ақ жеке сот орындаушылар, нотариустар, адвокаттар мен коммуналдық мекемелердің өкілдері қатысты. Бұған қоса, қала жастарының қатысуымен еріктілер ұйымы да өз қызметін көрсетті.

Келушілер жетекші мамандардан тегін құқықтық кеңес алып, өздерін толғандырған мәселелерге нақты жауап алды.

«Халық заңгері» жобасы бүгінде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мен азаматтарды құқықтық қолдаудың сұранысқа ие және тиімді алаңына айналды. 2016 жылдан бастап республика көлемінде өткізіліп келе жатқан бұл акция аясында азаматтарға білікті заңгерлер мен мемлекеттік органдардың басшылары тегін кеңес береді.

Шымкент қаласының прокуроры Ғабит Мұқанов өз сөзінде атап өтті:

«Ежелгі грек философы Платон айтқандай: «Күшті мемлекет – қорғалған азаматтан басталады! Сондықтан бүгін осында барлық мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері әр азаматқа тегін әрі қолжетімді заң көмегін көрсету үшін бір алаңда жиналып отыр» – деді қала прокуроры.

Акция барысында 1000-нан астам қала тұрғыны отбасылық, еңбек, жер, азаматтық және әкімшілік заңнама салалары бойынша білікті заңгерлерден тегін кеңес алды.

Сонымен қатар, тұрғындарға құқықтарын қорғау жолдары, мемлекеттік органдарға жүгіну тәртібі және тегін заң көмегін алу тетіктері түсіндірілді.

«Халық заңгері» республикалық акциясы өз жұмысын жалғастырып, әрбір азаматтың құқықтық сауатын арттыруға, әділдік пен заң үстемдігін нығайтуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыра бермек.

## 20 ТОМДЫҚ «ФАРАБИТАНУ» АТТЫ ЕҢБЕКТІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ




Өткен жетіде Шымкент қаласында ұлы ойшыл, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани және ғылыми мұрасын дәріптеуге арналған «Әл-Фараби мұрасы – өркениет қазынасы» атты республикалық ғылыми конференция өтті. Шараға қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек және белгілі фарабитанушы ғалымдар, зерттеушілер, зиялы қауым өкілдері мен жас оқырмандар қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға әл-Фарабидің еңбектерін терең танып, оның идеяларының бүгінгі қоғам мен мәдениет саласындағы өзектілігін айқындау. Конференция аясында философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың жетекшілігімен дайындалған «Фарабитану» атты 20 томдық көптомдық еңбектің тұсауы кесілді. Бұл ауқымды жобаға шамамен екі жылға жуық уақыт кеткен. Ғалымдар тобының қажырлы еңбегінің нәтижесінде жарық көрген басылым — әл-Фарабидің бай мұрасын жүйелеп, жаңа ғылыми тұрғыдан саралаған іргелі еңбек.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаев конференция барысында әл-Фарабидің еңбектері тек өткеннің жәдігері емес, бүгінгі қоғамның рухани дамуына да бағыт-бағдар беретін құнды мұра екенін атап өтті. Оның айтуынша, әл-Фараби – адамзат ойының биігіне көтерілген, ғылым мен парасаттың нұрын шашқан ұлы тұлға.

Іс-шара барысында қала әкімінің орынбасары Сәрсен Абайұлы да ойлы пікірін ортаға салды.

- «Түркі дүниесінің біртуар перзенті – әл-Фараби қасиетті қазақ жерінде дүниеге келіп, шығыс перипатетизмінің негізін қалап, әлемге екінші ұстаз атанған ұлы тұлға. Қазақ деген атау ол заманда болмаса да, бүгінгі Отырар өңірінің топырағында кіндігі кесілген ұлы ғалымды қазақтан шыққан данышпан деп тану – тарихи әділдік», – деді.

Сәрсен Абайұлы сондай-ақ Ақжан Әлмашани, Ағын Қасымжанов, Клара Хашимова бастаған ғалымдар еңбегінің жалғасын бүгінгі буын лайықты түрде жалғастырып келе жатқанын, соның ішінде профессор Жақып Алтайұлы бастаған зерттеушілердің еңбегі ерекше екенін атап өтті.

## МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫН ШЕШУ ҮШІН 6 ҚОСЫМША ҒИМАРАТ САЛЫНУДА

Шымкент қаласында білім беру инфрақұрылымын дамыту қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Қала әкімдігінің ерекше бақылауында тұрған басты мәселелердің бірі — мектептердегі орын тапшылығын жою. Осы бағытта биыл 6 мектепке қосымша ғимараттың құрылысы басталды.

Құрылысы қарқынды жүріп жатқан нысандар. Қазіргі таңда екі білім ошағында жұмыстар айтарлықтай алға жылжыған.

Жайлау шағынауданындағы №16 мектепке 575 орындық жаңа корпус салынуда.

Ө. Жәнібеков атындағы №19 мектепке 375 орындық қосымша ғимарат тұрғызылып жатыр.

Бұл екі нысандағы құрылыс-монтаждау жұмыстары 38 пайызға орындалған, ал толық аяқтау мерзімі келесі оқу жылына жоспарланған.

Жаңа құрылыстар – заманауи талаптарға сай.

Қыркүйек айында тағы төрт мектепте қосымша оқу корпустарының құрылысы басталды:

- №121 Текесу жалпы білім беретін мектебі,
- №66 Қазығұрт орта мектебі,
- Ақжар шағынауданындағы №122 мектеп,
- Кенесары Қасымұлы атындағы №82 мектеп.

Барлық нысандарда сапалы әрі ұзақ мерзімге төзімді құрылыс материалдары қолданылуда. Ғимараттар заманауи стандарттарға сәйкес, энергия үнемдеуші жүйелермен және қауіпсіздік талаптарына сай инженерлік инфрақұрылыммен салынып жатыр.

Білім сапасын арттыруға бағытталған жобалар. Жаңа оқу корпустарында оқушыларға ыңғайлы және қауіпсіз орта жасалады. Барлық кабинеттер интерактивті тақталармен, компьютерлермен және интернет желісімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар химия, физика және биология пәндері бойынша зертханалар арнайы заманауи құралдармен жабдықталады.

Мақсат – балаларға қолжетімді білім беру. Қосымша мектеп ғимараттарының салынуы нәтижесінде Шымкенттегі оқушы орындарының тапшылығы едәуір азайып, үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік туады. Бұл — қала тұрғындары үшін сапалы білім мен қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам.

## ӘЛЕМДІК АРЕНАДА ҚОЛА МЕДАЛЬ

**Қытайдың Уси қаласында өткен таэквондодан (WT) Әлем чемпионатында жерлесіміз Нодира Ахмедова қола жүлде жеңіп алған болатын. Шымкент қаласының халықаралық әуежайынан тарихи жеңіспен оралған спортшыны күтіп алу рәсімі өтті. Іс-шараға спорт мектебінің басшылары, жаттықтырушылар, жас спортшылар және Ахмедованың ата-анасы, бауырлары қатысты.**



**49 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен Нодира Ахмедова жарысты жартылай финалда аяқтап, үздік үштіктің қатарынан көрінді. Жартылай финал кезеңінде ол Қытайлық Тайпей елінің өкілі Ю Юн Люге есе жіберді. Екінші айналымнан бастап бақ сынаған жерлесіміз Бразилия, Канада және Тайланд спортшыларын тізе бүктіріп, жартылай финалға дейін жетті. Жиында спортшының жеке бапкері Давран Ризаев, тарихи медаль иегері Н.Ахмедова енді алдағы Азия ойындары, Олимпиадаға дайындық жүргізетінін айтты.**

**Қазақстан әйелдер құрамасы әлем чемпионатында соңғы рет 2007 жылы (Бейжіңде) қола жүлде алған болатын. Осылайша, Нодира Ахмедова арада 18 жыл өткен соң, еліміздің әйелдер таэквондосына әлемдік деңгейдегі медальді тарту етті.**

**Сондай-ақ, Шымкент қаласына таэквондодан әлем чемпионатының медалі араға 26 жылдан кейін келді. Соңғы рет 1999 жылы Әділхан Сағындықов әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған еді. Айта кетсек, биылғы әлемдік сайысқа Шымкент қаласынан үш спортшы аттанды. Н.Ахмедова жартылай финалға дейін жетсе, Самирхон Ababakиров ширек финалда қарсыласына есе жіберіп алды.**

## «МЕН ДОНОРМЫН» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Шымкентте «Мен донормын» атты қайырымдылық акциясы өтті. Қан тапсыруды насихаттауға бағытталған бұл шараға 50-ден астам ерікті жас қатысып, Қалалық қан орталығына жиналды.

Игі істі ұйымдастыруға Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» мұрындық болды. Акцияның басты мақсаты – жастар арасында донорлық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қан мен оның компоненттерін қайта құю арқылы адам өмірін құтқарудың маңызын түсіндіру.

Қан тапсыру – тек медициналық емес, адамгершілік тұрғыдан да жауапты іс. Бір адамның берген қаны екінші бір жанның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Қан тапсыру процесі қатаң медициналық бақылау арқылы жүргізілді. Алдымен донорлар арнайы тексеруден өтіп, қан қысымы, гемоглобин деңгейі және жалпы денсаулық жағдайы зертханалық жолмен анықталды. Барлық талаптарға сай келген жастар өз қандарын тапсырып, өзгеге өмір сыйлау мүмкіндігіне ие болды.

Қалалық қан орталығының донорлармен толықтыру бөлімшесі меңгерушісі Ербол Тастанов донор болудың тек қоғам үшін ғана емес, адамның өз денсаулығы үшін де пайдалы екенін атап өтті.

– Орталығымыз 43 мекемені қан және қан компоненттерімен қамтамасыз етіп отыр. Бізге күніне 100-ден аса донор келеді. Тұрақты келіп тапсырып тұратын донорларымыз да бар. Қан тапсыру – бұл адам ағзасына белгілі бір дәрежеде физиологиялық сергітуші әсер береді. Әр 3–4 ай сайын қан өткізген адамның қан айналым жүйесі жаңарып, сүйек кемігі жаңа қан жасушаларын белсенді түрде өндіре бастайды. Бұл иммундық жүйені күшейтіп, ағзаны жасартуға ықпал ететін табиғи процесс, - дейді дәрігер.

Маманның айтуынша, үнемі қан тапсырып тұратын адамдарда жүрек-қан тамыр аурулары мен тромб түзілу қаупі төмендейді. Сондай-ақ қандағы темір деңгейі теңестіріліп, зат алмасу үдерісі жақсарады

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

# ПОЛИЦИЯ БАҒАНАСЫ

## « ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» СЕРВИСІ - АЗАМАТТАРДЫҢ ПОЛИЦИЯМЕН БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Ақтөбеде ағымдағы жылдың маусым айынан бастап eGov Mobile мобильді қосымшасында азаматтарға құқық бұзушылықтар туралы полиция органдарына тікелей хабарлауға мүмкіндік беретін “заң және тәртіп” сервисі табысты жұмыс істеуде.

Сервисті пайдалану үшін қосымшаны ашып, “Заң және тәртіп” белгішесін тауып, оқиғаның санатын таңдап, жағдайды сипаттап, қажет болған жағдайда фотосуретті немесе бейнені тіркеп, ЭЦҚ немесе SMS-код көмегімен өтінімді растау қажет. Сервис тәулік бойы жұмыс істейді, келіп түскен сигналдарды полиция департаментінің жедел басқару орталығы жедел өңдейді, кейін жақын маңдағы патрульдік полиция нарядтарына немесе учаскелік инспекторларға жіберіледі. Сервис іске қосылған сәттен бастап облыс тұрғындарынан қосымша арқылы полицияға 300 — ге жуық хабарлама келіп түсті, оның 78-і жол қозғалысы ережелерін бұзу бойынша, 18 — і жол — көлік оқиғаларына, 155-і басқа да құқық бұзушылықтарға және 11-і тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қатысты.

Хабарлама келіп түскеннен кейін полиция департаментінің жедел басқару орталығының қызметкерлері жедел шаралар қабылдау үшін ақпаратты патрульдік полицияның жақын маңдағы нарядтарына немесе учаскелік инспекторларға дереу жолдайды.

“Заң және тәртіп” сервисі — қоғамдық қауіпсіздік пен жедел әрекет ету деңгейін арттыруға ықпал ететін азаматтардың полициямен цифрлық өзара іс-қимылының тиімді құралы.

***

## «BALAZAN» - БАБАЛЫҚ ШАҚТАН ЗАҢ ЖОЛЫМЕН



Шымкентте полиция “BalaZan – балалық шақтан заң жолымен” атты мультфильмнің тұсаукесерін өткіздіШымкент қаласының Орталық саябағында полиция департаментінің бастамасымен түсірілген “BalaZan – балалық шақтан заң жолымен” атты анимациялық фильмнің алғашқы бөлімі көпшілік назарына ұсынылды. Премьера 500-ден астам бала мен ата-аналардың қатысуымен ашық аспан астында үлкен LED-экранда өтті.

Анимациялық жоба өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға және “Заң мен тәртіп” идеологиясын ілгерілетуге бағытталған. Фильмнің негізгі мақсаты – балаларға заңның, әділдіктің және қоғамдық тәртіптің маңызын қызықты әрі түсінікті түрде жеткізу, сондай-ақ заңға құрмет пен адалдықтың – мықты әрі жауапты азамат болудың кепілі екенін көрсету.

Мультфильмнің басты кейіпкері – Қазақстанның тәуелсіздігі мен қайсар рухын бейнелейтін Барыс. Ол балаларға адалдық, әділдік, достық пен өзара сыйластықтың құндылығын түсіндіреді. Көрсетілім жылы әрі мерекелік атмосферада өтті. Балалар үшін жол қозғалысы ережелеріне арналған викториналар, кинологтар мен арнайы жасақтың таныстырылымдары ұйымдастырылды. Сондай-ақ криминалистердің жұмысы көрсетіліп, полиция қызметіне арналған фотокөрме қойылды.

Мерекелік шара қуыршақ театры мен Шымкент циркі әртістерінің қойылымдарымен толықты. Жол қозғалысының жас инспекторлары жол қауіпсіздігі туралы шағын көрініс көрсетіп, көрермендердің ықыласына бөленді. Іс-шара соңында концерттік бағдарлама ұсынылып, қатысушылар ізгі ниеттің символы ретінде түрлі-түсті шарларды аспанға ұшырды.

Жоба авторларының айтуынша, “BalaZan” тек мультфильм ғана емес, балаларға заңның, әділдіктің және өзара құрметтің маңызын жарқын бейнелер мен қызықты оқиғалар арқылы жеткізетін тәрбиелік бастама болып табылады.

— Біз әр баланың заңды қорған әрі әділдік нышаны ретінде түсінуін мақсат етеміз. Егер бала кезден заңға құрмет сезімін қалыптастырсақ, әділдікті бағалайтын, тәртіпті ұстанатын ұрпақ өседі, — деді полиция департаментінің өкілдері. Айта кетейік, анимациялық жоба жалғасын табады. Келесі бөлімдерде Барыс балаларға қауіпсіздік, адалдық және жауапкершілік туралы жаңа оқиғалар арқылы сабақ бермек.

***

## ЖЫЛДАР ӨТІП ЖЕТКЕН МАРАПАТ

Ішкі істер министрлігінде ұлттық мереке – Республика күні атап өтілді.

Бұл күн - елдігіміздің символы, азаттық жолындағы тарихи белес. Халқымыздың рухын көтеріп, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мерекемен ведомствоның жеке құрамын министр Ержан Саденов құттықтады.

- Әріптестер, сіздер адалдық пен кәсіби қасиеттеріңіздің арқасында қойылған міндеттерді абыроймен атқарып келесіздер. Жауапкершілікті сезініп, алдағы уақытта да өз міндеттеріңізді адал орындайсыздар деп сенемін. Осы салтанатты күні баршаңызға табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін! - деді ІІМ басшысы.

Республика күніне орай мінсіз қызметімен көзге түскен тәртіп сақшылары, саланың ардақты ардагерлері мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.

Ерлігі еленгендердің қатарында 2006 жылы қызмет бабында көз жұмған учаскелік полиция инспекторы Алмас Алинов бар. Алакөл ауданында қызмет еткен полиция аға лейтенанты масаң күйдегі қарулы қаскөйді құрықтау барысында дүние салған. “Жауынгерлік ерлігі үшін” медалі өз иесін 19 жылдан кейін тауып, жұбайы Айнагүл Алиноваға табысталды. Марқұмның жары да полиция қатарында қызмет атқарады.

- Көп жылдар өтсе де, Алмастың ерлігі ұмытылмағанын көрдім. Ол өз ісіне адал болды, – деп атап өтті Жетісу облысы ПД аға инспекторы Айнагүл Алинова.

Тәуелсіздік жылдарында қызметтік міндеттерін орындау кезінде ішкі істер органдарының 825 қызметкері қаза тауып, шамамен 5 мың қызметкер жарақат алған.

Сонымен қатар бұл күні жалпы еңбек өтілі 48 жылды құрайтын Қостанай облысы полиция департаментінің техникалық маманы Надежда Поповаға қошемет көрсетілді. Ғұмырын адал еңбекпен ұштастырған ол “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталды.

Салтанатты іс-шара мерекелік концертке ұласты. Республика күні – жаңа Қазақстанды құру жолындағы ортақ мақсаттар мен құндылықтарды ұлықтайтын күн.



## ЕЛІМІЗДЕ ҮНДІСТАННЫҢ ТОП-УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ

Ішкі істер министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, Үндістандағы сот ғылымдары ұлттық университетінің филиалын ІІМ Басқару академиясы базасында ашу бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр

